

«НҰРБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
№1 ХАТТАМАСЫ

Акционерлік қоғамның атқарушы органының (Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері: «Нұрбанк» Акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ., 10 «В»;

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілген күн: 28 мамыр 2026 жыл;

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілген жер: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ., 10 «В», мәжіліс залы;

Акционерлерді тіркеудің басталуы: сағат 09:00;

Акционерлерді тіркеудің аяқталуы: сағат 09:45;

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының басталуы: сағат 10:00;

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының аяқталуы: 10:47;

«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы/жиналыс) келесі тіркелген акционерлер қатысты:

1. «JP Finance Group» ЖШС, 15 000 артықшылықты акция және 10 509 791 жай акцияға ие, оның атынан 2026 жылғы 20 мамырда берілген сенімхат негізінде іс-әрекет ететін өкілі Кайсарбекова Марина Мухтаровна.
2. Сарсенова Индира Бахытжановна, 536 506 жай акцияға ие, оның атынан 2026 жылдың 19 мамырындағы №1534 сенімхат негізінде іс-әрекет ететін өкілі Меркимбаева Маншук Галымовна.
3. «Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры» АҚ, 120 398 артықшылықты акция және 48 887 жай акцияға ие, оның атынан 2026 жылдың 04 мамырында берілген №76 Сенімхат негізінде іс-әрекет ететін өкілі Ткишев Куандық Амирович.
4. «Нұрбанк» АҚ-ның «Нұр Лизинг» Лизинг компаниясы ЕҰ» ЖШС, 9 918 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін бас директоры Абдықалық Дархан Төлеуұлы.
5. «Нұрбанк» АҚ-ның «MONEY EXPERTS» ЕҰ» АҚ, 1 266 артықшылықты акцияға және 2 576 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін Басқарма төрайымы Шайхиева Ляззат Кынатовна.
6. «J.A. Collection Company» ЖШС, 805 938 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін директоры Нуршаихова Жаннат Адильхановна.
7. Vlanusa Marko, 1 347 000 жай акцияға ие.
8. Ильяшев Альнур Кайратович, 1 жай акцияға ие.

Шақырылғандар:

1. «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директор – Камалеев Рустем Гумарович;
2. «Нұрбанк» АҚ Қаржы директоры – Басқарма мүшесі Толымбеков Нұрбек Қабылбекұлы;
3. «Нұрбанк» АҚ бас бухгалтері Оспанова Гульжан Алмахановна;
4. Басқарушы директор Трофимов Николай Андреевич;
5. «Нұрбанк» АҚ Заң департаменті директорының орынбасары – Сальникова Наталья Александровна;
6. «Нұрбанк» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы Скакова Жайнагуль Сериковна;
7. «Нұрбанк» АҚ Халықаралық қатынастар және тұрақты даму басқармасы Капитал және тұрақты даму бағытының басшысы Абдыкулова Айман Умербековна;
8. «Нұрбанк» АҚ Халықаралық қатынастар және тұрақты даму басқармасының сарапшысы Казанбасова Асия Жусуповна;



9. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкілі – Губочкин Илья Николаевич (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №Б-374 «Нұрбанк» Акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкілін тағайындау туралы» Бұйрығына сәйкес)

1. КВОРУМ

«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын «Нұрбанк» АҚ Басқарма төрайымының орынбасары – Басқарма мүшесі Мажуга Алексей Николаевич ашты, акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысушылармен сәлемдесті және күн тәртібінде көрсетілген бірқатар мәселелерді шешу үшін «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің бастамасымен (21.04.2026 жылғы №36-(26) Хаттама) «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы шақырылғанын хабарлады.

Мажуга А.Н. «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте «Нұрбанк» АҚ-ның дауысқа қатысатын жалпы акциялары санының 98.27%-ын құрайтын 13 260 617 жай акциясына ие акционерлері мен олардың өкілдері тіркелгенін хабарлады. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін кворум қамтамасыз етілді. Осылайша, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 45-бабының 1-тармағында белгіленген акционерлердің жалпы жиналысын өтті деп тану үшін қажет және күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін құқылы кворум қамтамасыз етілді. Соған байланысты акционерлердің жалпы жиналысын ашық деп санау және мәселелерді қарауды бастау ұсынылды.

2. ХАБАРЛАМА

Мажуга А.Н. «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 41-бабының 2-тармағына сәйкес әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына жеткізілді, сондай-ақ «Нұрбанк» АҚ-ның www.nurbank.kz ресми интернет-ресурсында және www.dfo.kz интернет-ресурсында жарияланды деп хабарлама жасады. Хабарламаларда акционерлердің жалпы жиналысында қаралатын және акционерлердің жылдық жалпы жиналысында шешімдер қабылдануы тиіс күн тәртібінің мәселелері баяндалған.

3. ДАУЫС БЕРУ ФОРМАСЫ

Мажуга А.Н. жиналыста акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша «бір акция – бір дауыс», процедуралық мәселелер бойынша «бір акционер – бір дауыс» қағидасы бойынша ашық дауыс беру формасын таңдауды ұсынды.

Дауыс беруге 8 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 8 дауыс;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Мажуга А.Н. дауыс берудің нәтижелері бойынша: жалпы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша және жалпы жиналыста процедуралық мәселелерді қарау кезінде «бір акционер – бір дауыс» қағидасы бойынша ашық дауыс беру формасы таңдалсын деп шешілгенін хабарлады.

4. ЖИНАЛЫСТЫҢ ТӨРАҒАСЫ МЕН ХАТШЫСЫ



Мажуга А.Н. жылдық жалпы жиналыстың төрағасы етіп басқарушы директор Трофимов Николай Андреевичті сайлауды, күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру кезінде дауыстарды санау міндеттемесімен және акционерлердің жылдық жалпы жиналысының хаттамасы мен дауыс беру қорытындыларын хаттамасын дайындау үшін жауапты ретінде Жиналыс хатшысы етіп «Нұрбанк» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы Скакову Жайнагуль Сериковнаны сайлауды ұсынды.

Ұсыныс дауысқа салынды.

«ЖАҚТАЙДЫ»:

1. «JP Finance Group» ЖШС, 15 000 артықшылықты акция және 10 509 791 жай акцияға ие, оның атынан 2026 жылғы 20 мамырда берілген сенімхат негізінде іс-әрекет ететін өкілі Кайсарбекова Марина Мухтаровна - 1 дауыс;
2. Сарсенова Индира Бахытжановна, 536 506 жай акцияға ие, оның атынан 2026 жылдың 19 мамырындағы №1534 сенімхат негізінде іс-әрекет ететін өкілі Меркимбаева Маншук Галымовна - 1 дауыс;
3. «Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры» АҚ, 120 398 артықшылықты акция және 48 887 жай акцияға ие, оның атынан 2026 жылдың 04 мамырында берілген №76 Сенімхат негізінде іс-әрекет ететін өкілі Ткишев Қуандық Амирович - 1 дауыс;
4. «Нұрбанк» АҚ-ның «Нұр Лизинг» Лизинг компаниясы ЕҰ» ЖШС, 9 918 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін бас директоры Абдықалық Дархан Төлеуұлы - 1 дауыс;
5. «Нұрбанк» АҚ-ның «MONEY EXPERTS» ЕҰ» АҚ, 1 266 артықшылықты акцияға және 2 576 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін Басқарма төрайымы Шайхиева Ляззат Қынатовна - 1 дауыс;
6. «J.A. Collection Company» ЖШС, 805 938 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін директоры Нуршаихова Жаннат Адильхановна - 1 дауыс;
7. Blanusa Marko, 1 347 000 жай акцияға ие - 1 дауыс;
8. Ильяшев Альнур Кайратович, 1 жай акцияға ие - 1 дауыс.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 8 дауыс;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Акционерлер Трофимов Николай Андреевичті Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының төрайымы етіп (бұдан әрі – Жиналыс төрағасы), ал Скакова Жайнагуль Сериковнаны күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру кезінде дауыстарды санау міндеттемесімен Жиналыс хатшысы (бұдан әрі – Жиналыс хатшысы) етіп және акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы мен дауыс беру қорытындыларын хаттамасын дайындау үшін жауапты тұлға ретінде сайлады.

5. КҮН ТӘРТІБІ

Акционерлерге жиналыстың күн тәртібін толықтыру бойынша ұсыныстардың болуы туралы хабарлау үшін Жиналыс төрағасы Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумаровичке сөз берді. Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумарович «Нұрбанк» АҚ акционері Марко Бланушадан 2026 жылдың 28 мамырына белгіленген «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі А.В. Наумовтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және шығып қалған мүшенің орнына «Нұрбанк» АҚ Директорлары кеңесінің жаңа мүшесін

сайлау туралы» Жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс түскенін акционерлердің назарына жеткізді.

Жиналыс төрағасы акционерлерге «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 4-тармағының нормаларын түсіндірді және акционерлердің жылдық жалпы жиналысының келесідей күн тәртібін бекітуге шығарды:

- 1) «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.
- 2) 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ жекелеген (шоғырландырылмаған) аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту.
- 3) 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту.
- 4) 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы және 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның бір жай акциясына есебінде дивиденд мөлшері туралы шешім қабылдау.
- 5) 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ акционерлеріне «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері және құрамы туралы ақпарат беру.
- 6) «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау туралы.
- 7) 2025 жылғы «Нұрбанк АҚ әрекетіне, оның лауазымды тұлғаларына жүгіну және оларды қарау қорытындылары туралы.
- 8) «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге № 1 Өзгертулерді енгізу туралы.
- 9) Тәуелсіз директорлардың тәуелсіздік талаптарына сәйкестігі туралы есепті қарау туралы.
- 10) «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі А.В. Наумовтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және шығып қалған мүшенің орнына «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы.

Жиналыс төрағасы акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне: «Нұрбанк» АҚ-ның акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту» туралы бірінші мәселені дауысқа салды:

Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 13 260 617 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі бекітілсін – деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2025 жылға «Нұрбанк» АҚ жекелеген (шоғырландырылмаған) аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту» жөніндегі екінші мәселесі бойынша «Нұрбанк» АҚ-ның бас бухгалтері Оспанова Гульжан Алмахановнаға сөз берді. Г.А. Оспанова «Нұрбанк» АҚ-ның аяқталған 2025 жылғы қаржылық көрсеткіштерімен таныстырды.

Оспанова Г.А. қатысушыларға 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітілетіні жайлы ақпарат берді.

«Нұрбанк» АҚ-ның жекелеген (шоғырландырылмаған) жылдық аудиттелген қаржылық есептілігі Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес дайындалды.

Жекелеген (шоғырландырылмаған) жылдық аудиттелген қаржылық есептілігін «Grant Thornton» ЖШС аудиторлық компаниясы растаған.

Жекелеген (шоғырландырылмаған) жылдық аудиттелген қаржылық есептілігінің қорытындысы бойынша 2025 жылғы Баланс валютасы 562 696 876 000 (бес жүз алпыс екі миллиард алты жүз тоқсан алты миллион сегіз жүз жетпіс алты мың) теңгені құрайды, 2024 жылғы Баланс валютасы 529 436 756 000 (бес жүз жиырма тоғыз миллиард төрт жүз отыз алты миллион жеті жүз елу алты мың) теңгені құраған, 2024 жылмен салыстырғанда Баланс валютасы 33 260 120 000 (отыз үш миллиард екі жүз алпыс миллион жүз жиырма мың) теңгеге немесе 6,28%-ға артқан.

Банк қызметінің қорытындысы бойынша 2025 жылғы пайда 11 513 800 000 (он бір миллиард бес жүз он үш миллион сегіз жүз мың) теңгені құрайды, 2024 жылғы пайда 13 020 372 000 (он үш миллиард жиырма миллион үш жүз жетпіс екі мың) теңгені құраған, 2024 жылмен салыстырғанда пайда 1 506 572 000 (бір миллиард бес жүз алты миллион бес жүз жетпіс екі мың) теңге сомасына азайған немесе 11,57%-ға төмендеген.

2025 жылы бір жай акцияға пайда 863 (сегіз жүз алпыс үш) теңге 25 тиынды құрады, 2024 жылы мұндай көрсеткіш 964 (тоғыз жүз алпыс төрт) теңге 90 тиынды құраған, 111 (жүз он бір) теңге 65 тиынға азайған немесе 11,57%-ға төмендеген.

Жекелеген (шоғырландырылмаған) жылдық аудиттелген қаржылық есептілікті алдын ала «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі қараған және «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына бекіту үшін ұсынылған.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің сұрағы бойынша акционерлер мен акционерлердің өкілдерінен келіп түскен сұрақтар мен пікірлер талқыланды, акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне толық жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2025 жылға «Нұрбанк» АҚ жекелеген (шоғырландырылмаған) аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту» жөніндегі екінші мәселенің жобасын дауысқа салды.

Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 13 260 616 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - 1 дауыс беруші жай акция;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрағасы: **«2025 жылға «Нұрбанк» АҚ жекелеген (шоғырландырылмаған) аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекітілсін»** – деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2025 жылға «Нұрбанк» АҚ аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту» туралы үшінші мәселесі бойынша «Нұрбанк» АҚ-ның Бас бухгалтері Оспанова Гульжан Алмахановнаға сөз берді.

Оспанова Г.А. акционерлердің назарына келесі ақпаратты жеткізді:

2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның аудиттелген жүргізілген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі.

Жылдық шоғырландырылған аудиттелген қаржы есептілігі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес жасалды.

2025 жылғы жылдық шоғырландырылған аудиттелген қаржы есептілігін «Grant Thornton» ЖШС аудиторлық компаниясы растаған.

Жылдық шоғырландырылған аудиттелген қаржы есептілігі «Нұрбанк» АҚ-ның қаржы есептілігі мен оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қамтиды.

Жылдық шоғырландырылған аудиттелген қаржы есептілігінің қорытындысы бойынша 2025 жылғы Баланс валютасы 565 285 319 000 (бес жүз алпыс бес миллиард екі жүз сексен бес миллион үш жүз он тоғыз мың) теңгені құрайды, 2024 жылғы Баланс валютасы 531 804 393 000 (бес жүз отыз бір миллиард сегіз жүз төрт миллион үш жүз тоқсан үш мың) теңгені құраған, 2024 жылмен салыстырғанда Баланс валютасы 33 480 926 000 (отыз үш миллиард төрт жүз сексен миллион тоғыз жүз жиырма алты мың) теңгеге немесе 6,30%-ға артқан.

Банк қызметінің қорытындысы бойынша 2025 жылғы пайда 11 285 533 000 (он бір миллиард екі жүз сексен бес миллион бес жүз отыз үш мың) теңгені құрайды, 2024 жылғы пайда 13 878 379 000 (он үш миллиард сегіз жүз жетпіс сегіз миллион үш жүз жетпіс тоғыз мың) теңгені құраған, 2024 жылмен салыстырғанда пайда 2 592 846 000 (екі миллиард бес жүз тоқсан екі миллион сегіз жүз қырық алты мың) теңге сомасына азайған немесе 18,68%-ға төмендеген.

2025 жылы бір жай акцияға пайда 836 (сегіз жүз отыз алты) теңге 33 тиынды құрады, 2024 жылы мұндай көрсеткіш 1028 (мың жиырма сегіз) теңге 48 тиынды құраған, 192 (жүз тоқсан екі) теңге 15 тиынға азайған немесе 18,68%-ға төмендеген.

Жылдық шоғырландырылған аудиттелген қаржы есептілігі алдын ала «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі қараған және «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына бекіту үшін ұсынылған

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің сұрағы бойынша акционерлер мен акционерлердің өкілдерінен келіп түскен сұрақтар мен пікірлер талқыланды, акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне толық жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы қосымша сұрақтар туындаған жағдайда акционерлер белгіленген тәртіпте Банк атына жазбаша хат жіберуге құқылы екенін, ол хаттарды Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген мерзімдерді қарайтынын және тиісті жауаптар беретінен хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2025 жылға «Нұрбанк» АҚ аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту» жөніндегі үшінші мәселенің жобасын дауысқа салды.

Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 13 260 616 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - 1 дауыс беруші жай акция;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрағасы: «2025 жылға «Нұрбанк» АҚ аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі (2-Қосымша) бекітілсін» – деген шешім көпшілік дауыспен қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы және 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның бір жай акциясына есебінде дивиденд мөлшері туралы шешім қабылдау» жөніндегі төртінші мәселесі бойынша «Нұрбанк» АҚ-ның қаржы директоры – Басқарма мүшесі Толымбеков Нұрбек Қабылбекұлына сөз берді.

Н.Қ. Толымбеков: 2003 жылғы 13-мамырдағы №415-II Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына және 36-бабына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында өткен қаржы жылы үшін қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібі анықталатынын және бекітілетінін, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның бір жай акциясына шаққанда дивидендтер мөлшері туралы шешім қабылданатынын және қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері бекітілетінін немесе қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылданатынын хабарлады.

2025 жылғы қызмет қортындысы бойынша Банктің жекелеген қаржылық есептілігіне сәйкес пайда 11 513 800 000 (он бір миллиард бес жүз он үш миллион сегіз жүз мың) теңгені құрады. Алайда Банктің қаржылық есептілігіне сәйкес өткен жылдардағы қызмет қорытындысы бойынша 74 041 284 000 (жетпіс төрт миллиард қырық бір миллион екі жүз сексен төрт мың) теңге сомасында жинақталған залалды ескере отырып, Банк акционерлерінің жалпы жиналысына: Банктің 11 513 800 000 (он бір миллиард бес жүз он үш миллион сегіз жүз мың) теңге көлеміндегі таза табысын бөлусіз қалдыру және оны «өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (өтелмеген залал)» шотына аудару ұсынылады. 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер есептелмесін және төленбесін.

Банктердің меншікті капиталды ұлғайту талаптарына сәйкес, Банктің меншікті капиталын ұлғайтудың негізгі көздерінің бірі – бөлінбеген пайда болып табылады.

Осыған байланысты Банктің 11 513 800 000 (он бір миллиард бес жүз он үш миллион сегіз жүз мың) теңге көлеміндегі таза табысы бөлусіз қалдыру және оны «өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (өтелмеген залал)» шотына аудару ұсынылады. 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер есептелмесін және төленбесін.

Сонымен қатар, Толымбеков Н.Қ.: Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігі 2026 жылғы 20 наурыздағы №18 «Пайданы бөлу, жай немесе артықшылықты акциялар немесе мерзімсіз қаржы құралдары бойынша дивидендтерді есептеу шарттарын бекіту туралы» жаңа редакцияда нормативтік құқықтық актіні бекіткенін, құжатта көрсетілген шарттар Екінші деңгейдегі банктерге (ЕДБ), қаржы нарығындағы қаржылық тұрақтылықты немесе сауықтыруды қамтамасыз ету үшін Банктер алған есептіліктер мемлекеттік қаражатқа ие екенін хабарлады. Мұнда әңгіме мемлекеттік бюджеттен Ұлттық қордан, ҚРҰБ-дан немесе оның еншілес ұйымдарынан ЕДБ-ге, берілген салымдар, облигациялар, қарыздар туралы болып отыр.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы және 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның бір жай акциясына есебінде дивиденд мөлшері туралы шешім қабылдау» жөніндегі төртінші мәселенің жобасын дауысқа салды.

Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы.

«ЖАҚТАЙДЫ» - 13 211 729 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - 48 888 дауыс беруші жай акция;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрағасы: **«Банктің 11 513 800 000 (он бір миллиард бес жүз он үш миллион сегіз жүз мың) теңге көлеміндегі таза табысы бөлусіз қалдырылсын және ол «өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (өтелмеген залал)» шотына аударылсын. 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер есептелмесін және төленбесін»** - деген шешім көпшілік дауыспен қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2025 жылға «Нұрбанк» АҚ акционерлеріне «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері және құрамы туралы ақпарат беру» жөніндегі бесінші мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумаровичке сөз берді. Камалеев Р.Г. акционерлерге Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің төрағасы («Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылдың 26 мамырындағы шешіміне сәйкес(№45-26) хаттама) («Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының функциялары 2026 жылдың 26 мамырынан 2026 жылдың 01 маусымы күнінің аяғына дейін Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Р.Г. Камалеевке жүктеледі) қоғамның акционерлеріне Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының мүшелеріне сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат беретіні жайында ескертті.

Камалеев Р.Г. 2025 жылға Директорлар кеңесі мен «Нұрбанк» АҚ Басқармасының мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат берді. Сыйақы құрамына келесілер қамтылды: Директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі сыйақының мөлшері, сондай-ақ Басқарма мүшелеріне еңбек келісімшарты бойынша төленген жалақы мен басқа да төлемдер.

2025 жылы Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 442 351 000 (төрт жүз қырық екі миллион үш жүз елу бір мың) теңге мөлшерінде сыйақы есептелген, оның ішінде:

1) Басқарма мүшелеріне жалақы мен әлеуметтік төлемдер - 210 232 000 (екі жүз он миллион екі жүз отыз екі мың) теңге мөлшерінде;

2) Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы мен әлеуметтік төлемдер – 232 119 000 (екі жүз отыз екі миллион жүз он тоғыз мың) теңге мөлшерінде.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар мен пікірлер келіп түспеді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің: **«2025 жылға «Нұрбанк» АҚ акционерлеріне «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері және құрамы туралы ақпарат беру» туралы бесінші мәселесін дауысқа салды.**

Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 13 260 617 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: «2025 жылға «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпаратты назарға алынсын» деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің ««Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау» жөніндегі алтыншы мәселесі бойынша Басқарма Төрайымының м.а. **Мажуга Алексей Николаевичке** сөз берді.

Мажуга А.Н. қатысушыларға 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреті мәселелерінің бірі – директорлар Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы мәселе болып табылатынын хабарлады.

«Нұрбанк» АҚ-ға «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Сарсенов Эльдар Рашитовичтен 2025 жылғы қызмет қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің келесі мүшелері – тәуелсіз директорлар Камалеев Рустем Гумаровичке, Талпаков Аслан Бактыгереевичке, Вахитов Искандер Ришатовичке біржолғы сыйақы мөлшері мен төлеу шарттарын айқындау туралы ұсыныс келіп түсті.

Директорлар кеңесінің жұмысында істеген кезеңде тәуелсіз директорлар өздерін «Нұрбанк» АҚ-ның қызметіне белсенді қатысқан тәжірибелі кәсіби мамандар ретінде көрсетті, «Нұрбанк» АҚ-ның дамуына бағытталған бастамалар білдірді, «Нұрбанк» АҚ мүддесін қорғау мәселелері бойынша ыждахаттылық танытты.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар мен пікірлер келіп түспеді.

Председатель собрания предложил проголосовать за проект решения по шестому вопросу повестки дня:

«1. 2025 жылға Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау.

2. Директорлар кеңесінің мүшелерінің белгіленген шығыстары өтемақысының мөлшері – өзгеріссіз қалдырылсын.».

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің: «2023 жылы акционерлердің «Нұрбанк» АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жүгінулер болмағаны назарға алу» жөніндегі алтыншы мәселесі бойынша шешім жобасын дауысқа салды.

Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 13 211 730 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - 48 887 дауыс беруші жай акция.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрағасы:

1. «2025 жылғы қызмет қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне біржолғы сыйақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау, осы хаттаманың 3-Қосымшасына сәйкес.

2. Директорлар кеңесінің мүшелерінің белгіленген шығыстары өтемақысының мөлшері – өзгеріссіз қалдырылсын» деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «2025 жылғы «Нұрбанк АҚ әрекетіне, оның лауазымды тұлғаларына жүгіну және оларды қарау қорытындылары туралы» жөніндегі жетінші мәселе бойынша Банктің корпоративтік хатшысы Скакова Жайнагуль Сериковнаға сөз берді.

Скакова Ж.С. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабының 2-тармағының 3-тармақшасына сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысында лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне акционерлердің жүгінулері туралы және сол жүгінулердің қаралу қорытындылары қаралатынын хабарлады. 2025 жылы «Нұрбанк» АҚ-ның іс-әрекетіне А.К. Ильяшевтің хаты тіркелген.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар мен пікірлер келіп түспеді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің: «Нұрбанк АҚ іс-әрекетіне А.К. Ильяшевтің хаты түскені туралы ақпаратты назарға алу» жөніндегі жетінші мәселе бойынша шешім жобасын дауысқа салды.

Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«**ЖАҚТАЙДЫ**» - 13 260 617 дауыс беруші жай акция;

«**ҚАРСЫ**» - жоқ;

«**ҚАЛЫС ҚАЛДЫ**» - жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: «**Нұрбанк АҚ іс-әрекетіне А.К. Ильяшевтің хаты түскені және оны қарау қорытындысы туралы ақпаратты назарға алынсын**» деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге № 1 Өзгертулерді енгізу» жөніндегі сегізінші мәселесі бойынша Заң департаменті директорының орынбасары Сальникова Наталья Александровнаға сөз берді.

Сальникова Н.А. «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге № 1 Өзгертулер қаралғанын және «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің отырысында алдын ала мақұлданғанын (28.04.2026 жылғы №38-(26) хаттама) хабарлады.

«Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі.

Сондай-ақ, «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже 2025 жылғы 20 қарашадан бастап қолданысқа енгізілген «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес келтірілген, нәтижесінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға барлық сілтемелер, терроризмді қаржыландыру «және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру» деген сөздермен толықтырылды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде – «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге № 1 Өзгертулер бекітілсін.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің: «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге № 1 Өзгертулер бекіту» жөніндегі сегізінші мәселесі бойынша шешім жобасына дауыс беруді ұсынды:

Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы.

«ЖАҚТАЙДЫ» - 13 260 617 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге № 1 Өзгертулер бекітілсін» деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «Тәуелсіз директорлардың тәуелсіздік талаптарына сәйкестігі туралы есепті қарау туралы» тоғызыншы мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумаровичке сөз берді.

Камалеев Р.Г. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 16 қаңтардағы №258-VIII Заңының 46-бабының 4-тармағына сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына тәуелсіз директорлардың тәуелсіздік талаптарына сәйкестігі туралы есеп шығарылатынын хабарлады.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 1-тармағына сәйкес Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директор болып табылатын немесе болуға ниет білдірген адам тәуелсіз директор үшін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға, сондай-ақ аталған адамның банктен тәуелсіздігін куәландыратын талаптарға сәйкес келуге тиіс. Тәуелсіздік директорлардың тәуелсіздікке сәйкестігі бойынша деректері 5-Қосымшада көрсетілген.

Есеп тәуелсіз директорлардың Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкестігін растау мақсатында дайындалды.

Жүргізілген талдау шеңберінде директорлар кеңесінің мүшелерін тәуелсіз директорлар деп тануға кедергі келтіретін мән-жайлардың болмауы туралы мәліметтер қаралды:

- Банкпен және оның лауазымды тұлғаларымен үлестес болмауы;
- Банкпен елеулі іскерлік, мүліктік және өзге де қатынастардың болмауы;
- заңнамада белгіленген мерзімде Банкпен және оның еншілес ұйымдарымен еңбек қатынастарының болмауы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де шектеулердің болмауы;

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша "Нұрбанк" АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары тәуелсіздік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің: «Тәуелсіз директорлардың тәуелсіздік талаптарына сәйкестігі туралы есеп назарға алынсын» деген тоғызыншы мәселесі бойынша шешім жобасына дауыс беруді ұсынды:



Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 13 260 616 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - жоқ;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - 1 дауыс беруші жай акция.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрағасы: «Тәуелсіз директорлардың тәуелсіздік талаптарына сәйкестігі туралы есепті назарға алынсын» деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі А.В. Наумовтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және шығып қалған мүшенің орнына «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы» оныншы мәселесі бойынша Басқарма Төрайымының м.а. А.Н. Мажугаға сөз берді.

Мажуга А.Н. 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына, «Нұрбанк» АҚ Жарғысына сәйкес және акционер Марко Бланушаның 2026 жылдың 12 мамырдағы хатының негізінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі А.В. Наумовтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және шығып қалған мүшенің орнына «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы мәселе ұсынылды. Тиісті корпоративтік басқаруды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында мыналар ұсынылады:

1) «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі А.В. Наумовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын;

2) «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің 2024 жылғы 28 мамырдағы жылдық жалпы жиналысында белгіленген «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамының өкілеттігі аяқталғанға дейінгі мерзімге (2024 жылғы 28 мамырдағы жиналыстағы мерзім – 2029 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізген күнге дейін деп білгіленген) шығып қалған мүшесінің орнына «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі етіп Л.П. Татьяна сайлансын.

Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігін қоса алғанда, біліктілігі, жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтерді қамтитын Директорлар кеңесінің құрамына кандидат туралы ақпарат акционерлердің жылдық жалпы жиналысына арналған материалдарда ұсынылған.

Жиналыс төрағасы күн тәртібінің:

«1. Тәуелсіз директор – «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Наумов Александр Владимировичтің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.

2. «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамының өкілеттігі аяқталғанға дейінгі мерзімге «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі болып Татьяна Лилия Ивановна сайлау» жөніндегі оныншы мәселесі бойынша шешім жобасына дауыс беруді ұсынды

Дауыс беруге 13 260 617 дауыс қатысты.

Дауыс берудің қорытындысы:

«ЖАҚТАЙДЫ» - 13 211 730 дауыс беруші жай акция;

«ҚАРСЫ» - нет;

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - 48 887 дауыс беруші жай акция.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.

Жиналыс төрағасы:

1. Тәуелсіз директор – «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Наумов Александр Владимировичтің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамының өкілеттігі аяқталғанға дейінгі мерзімге «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі болып Татьяна Лилия Ивановна сайлансын» деген шешім бірауыздан қабылданғанын хабарлады.

6. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫҢ ШЕШІМІ

«Нұрбанк» АҚ-ның акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша келесі шешімдерді қабылдады:

1. «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі бекітілсін.
2. 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның жылдық жекелеген аудиттелген қаржы есептілігі (1-Қосымша) бекітілсін.
3. 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ аудиттелген жүргізілген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі (2-Қосымша) бекітілсін.
4. Банктің 11 513 800 000 (он бір миллиард бес жүз он үш миллион сегіз жүз мың) теңге көлеміндегі таза табысы бөлусіз қалдырылсын және ол «өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (өтелмеген залал)» шотына аударылсын. 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер есептелмесін және төленбесін.
5. 2025 жылға «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпаратты назарға алынсын.
6. 1). 2025 жылға Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттары осы хаттаманың 3-Қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2). Директорлар кеңесінің мүшелерінің белгіленген шығыстары өтемақысының мөлшері – өзгеріссіз қалдырылсын.
7. «Нұрбанк АҚ іс-әрекетіне А.К. Ильяшевтің хаты түскені және оны қарау қорытындысы туралы ақпаратты назарға алынсын.
8. «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге № 1 Өзгертулер осы хаттаманың 4-Қосымшасына сәйкес бекітілсін.
9. Тәуелсіз директорлардың тәуелсіздік талаптарына сәйкестігі туралы есеп осы хаттаманың 5-Қосымшасына сәйкес назарға алынсын.
10. 1). Тәуелсіз директор – «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Наумов Александр Владимировичтің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатылсын.
2). «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамының өкілеттігі аяқталғанға дейінгі мерзімге «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі болып Татьяна Лилия Ивановна сайлансын.

7. ҚОРЫТЫНДЫ

«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды және талқыланды, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданды, соған байланысты акционерлердің жалпы жиналысы 2026 жылдың 28-мамырында сағат 10-нан 47 минут өткенде жабылды деп жарияланды.

Жиналыс төрағасы

Трофимов Н.А.

Жиналыс хатшысы

Скакова Ж.С.

